# Алматы облыстық мәслихатының 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 3-15 "Арнайы салық режимі бойынша төлемдер ставкасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облыстық мәслихатының 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 27-195 шешімі. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 5 маусымда N 1964 тіркелген. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2014 жылғы 20 тамыздағы N 35-211 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 20.08.2014 N 35-211 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 373 бабының 2 тармағына және 2005 жылдың 20 желтоқсанында нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3977 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 қарашадағы N 534 " Бір жолғы талондары беру Ережелерін бекіту туралы" Мемлекеттік кіріс министрлігінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығына сәйкес, Алматы облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 1435 нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2004 жылғы 20 қаңтардағы "Жетісу", " Огни Алатау" газеттерінің 8 нөмірінде жарияланған Алматы облыстық мәслихатының 2003 жылғы 25 желтоқсандағы "Арнайы салық режимі бойынша төлемдер ставкасын бекіту туралы" N 3-15 шешіміне мынандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім алғаш рет жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат сессиясын төрағасы А. Мәмбетәлиев*

*Облыстық мәслихат хатшысы А. Сыдық*

Алматы облыстық мәслихатының 2006 жылғы 25 сәуірдегі "Алматы облыстық мәслихатының

2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 3-15 "Арнайы салық режимі бойынша төлемдер ставкасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 27-195 шешіміне қосымша
"Алматы облыстық мәслихатының 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 3-15 "Арнайы салық режимі бойынша төлемдер ставкасын бекіту туралы" шешіміне 1 қосымша

## Қызметті бір күн ішінде жүзеге асыру үшін дүркін-дүркіндік сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлері бойынша біржолғы талондар ставкасының құны (автомобиль көлігін айдап келу бойынша қызмет көрсетуден басқа)

(теңгемен)

| № | Кәсіпкерлік қызмет түрлері | Біржолғы талонның күндік құны | |
|---|---|---|---|
| | 1 топ | 2 топ | 3 топ |
| 1 | Өткізу (тұрақты орынжайларда жүзеге асырылған қызметті қоспағанда) | | | |
| | 1) Газеттер мен журналдарды өткізу | 80 | 50 | 30 |
| | 2) Тұқымдарды, сондай-ақ отырғызу материалдарын (ағаш көшеттері, көкөніс көшеттері) өткізу | 120 | 80 | 50 |
| | 3) Бақша дақылдарын өткізу | 200 | 150 | 100 |
| | 4) Саяжай мен үй жанындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді өткізу | 110 | 100 | 60 |
| | 5) Қосалқы ауыл шаруашылық (омарташылық), бағбандық, бақшалық және саяжайлық учаскелерден алынған өнімдерді өткізу | | | |
| | қосалқы ауыл шаруашылық ( омарташылық), бағбандық, бақшалық, | 120 | 90 | 60 |
| | саяжай учаскелерінен | 90 | 70 | 50 |
| | 6) Жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөпті өткізу | 70 | 60 | 50 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 7) Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және ба-лықтарды өткізу | 70 | 60 | 50 |
| **2** | **Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді алып өткізу (бір автокөлік үшін)** | | | |
| Таяу шет елдерден | 1500 | 1300 | 1000 | |
| Қиыр шет елдерден | 3000 | 2500 | 2000 | |
| **3** | **Жер учаскелерін өңдейтін жеке тракторлардың (комбайндар, пішен шабатын машина) иелері көрсететін қызметтер (комбайндар, пішен шабатын машина)** | 220 | 220 | 220 |
| **4** | **Жеке жеңіл және жүк автокөлік иелері көрсететін жолаушылар мен жүк ( лицензияларды қоспағанда) тасымалдау қызметі** | | | |
| қалааралық | 300 | 250 | 200 | |
| аудандық | 150 | 120 | 80 | |
| қала ішінде | 200 | 150 | 100 | |
| жүк тасымалдау (көмір, ағаш) | 300 | 250 | 200 | |
| **5** | **Үй жануарларын бағу қызметі үшін** | | | |
| | ірі қара мал (бір табын үшін) | 100 | 80 | 60 |
| | қойлар, ешкілер (бір отар үшін) | 40 | 30 | 25 |

1 топ: Іле, қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандары және Талдықорған қаласы;

2 топ: Жамбыл, Панфилов аудандары және Қапшағай қаласы;

3 топ: Ақсу, Алакөл, Балхаш, Қаратал, Көксу, Кербұлақ, Райымбек, Сарқанд, Ескелді, Ұйғыр аудандары және Текелі қаласы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК